

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын Астана қаласына кезең-кезеңмен орналастыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 қыркүйек N 1435

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 наурыздағы N 755 тапсырмасын орындауға және "Қазақстан - 2030" Стратегиясының "Кәсіпқой Үкімет" ұзақ мерзімдік басымдығын іске асыру, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, оларды Қазақстан Республикасының астанасында мемлекеттік басқарудың орталық органдары - оқу-практикалық базасымен тікелей жақындықта оқыту жөніндегі бас мекеме ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясына топтастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын Астана қаласына кезең-кезеңмен орналастыруға байланысты 1999-2000 жылдарға арналған қоса беріліп отырған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, 1999 жылғы қазаннан бастап, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің базасында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттырудың бағдарламасын іске асыруды ұйымдастырын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі (келісім бойынша) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің оқу-әдістемелік жоспарлар мен мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жоспарларын бекітудің мәселелері бойынша актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізсін.

4. Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын Астана қаласына орналастыру үшін қажетті мекемені (ғимаратты) бөлу жөнінде ұсыныс енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігімен, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп Жоспардың 1999 жылғы іс-шараларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві

қаражатының есебінен қаржыландырудың тәртібі жөнінде ұсыныс енгізсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 1435
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет
академиясын Астана қаласына кезең-кезеңімен орналастыруға байланысты
1999-2000 жылдарға арналған іс-шаралар
Жоспары

N	Іс-шаралар	Атқару мерзімі	Атқаруға жауаптылар
---	------------	-------------------	------------------------

- 1 Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия 1999 жылғы қазан- Мемқызмет істері
университетінің базасында мем. 2000 жылғы жөніндегі агенттік
лекеттік қызметшілердің білік. қыркүйек (келісім бойынша),
тілігін арттыру бағдарламасын Ғылым және жоғары
іске асыру жөніндегі жұмысты біліммині,
ұйымдастыру Мемқызмет академия.
сы (келісім бойын.
шаша), Еуразия универ.
ситеті
- 2 Оку-әдістемелік бағдарламалар 1999 жылғы Мемқызмет істері
мен жоспарларды және білікті. қыркүйек-қазан жөніндегі агенттік
лікті арттыру жоспар-кестелерін (келісім бойынша)
бекіту жөніндегі Қазақстан
Республикасы Үкіметінің актіле.
ріне өзгерістер мен толықтыру.
лардың жобаларын енгізу
- 3 Қазақстан Республикасы Прези. 1999 жылғы Астана қаласының
дентінің жанындағы Мемлекеттік 1 қарашаға әкімі, ҚР Прези
қызмет академиясы үшін қажетті дейін дентінің ІБ

ұй-жайлар бөлу

(келісім бойынша)

- 4 Қажетті жобалық-сметалық 1999 жылғы Мемқызмет
құжаттаманы дайындау қараша академиясы
(келісім бойынша)
- 5 Жаңа оқу жылына орындар 1999 жылғы Мемқызмет
дайындау және Астана қаласын. қырқүйек-
дағы оқу процесін ұйымдастыру 2000 жылғы академиясы
қырқүйек (келісім бойынша)

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.